



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

табылады. Барлық мемлекеттер белгілі бір дәрежеде не бастапқы, не транзитті, не белгіленген мемлекеттер болғандықтан, барлық мемлекеттер осы құбылыспен күресуде бір-бірімен қарым-қатынаста болулары керек. Адамдар саудасына қарсы тиімді күрес жүргізу үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
2. Мусабеков А. О. Социологический анализ торговли людьми [Текст] / А. О. Мусабеков // Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу: республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. мат. / Жауапты ред. Д.Л. Байдельдинов, Р.Е. Жансараева. - Алматы, 2010. - С. 158.
3. Сейдинов, Е. Ш. К вопросу определения понятия "торговля людьми" [Текст] / Е. Ш. Сейдинов // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. Алматы, 2007. - С. 82.
4. Кожан Т. А. О незаконном вывозе и торговле людьми с целью их сексуальной, трудовой и иной эксплуатации [Текст] // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. - №3 (52) 2011. - С. 59
5. Некоторые уголовно-правовые проблемы трафика людей [Текст] / Д.Н. Рамазанов // Концепция правовой политики Казахстана: реалии и перспективы (материалы науч.-практич. конф.). 2004. - С. 226
6. Саматова, Г. Б. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с торговлей людьми в Республике Казахстан [Текст] / Г. Б. Саматова // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. - Алматы, 2015. - С. 76
7. Бекмагамбетов, А. Б. Актуальные вопросы построения оптимальной политики противодействия торговле людьми. Постановка проблемы [Текст] / А. Б. Бекмагамбетов // Правовая реформа в Казахстане. №3. 2014. - С. 14-15.
8. Шабатова, Т. М. Уголовно-правовые и криминологические проблемы торговли людьми [Текст] : Магистерская диссертация / Т.М. Шабатова; КазГЮУ ; КазГЮУ. - Астана, 2007. - С 89-90.
9. Скриванкова, К. Предупреждение торговли людьми [Текст] / К. Скриванкова // Сравнительное Конституционное обозрение. № 3(60).2007. - С. 83
10. Конысбекова, А. Т. Актуальные вопросы противодействия торговле людьми [Текст] / А. Т. Конысбекова // Вестник института законодательства Республики Казахстан. №1-2. 2013. - С. 278
11. <http://www.kst.adilet.gov.kz/ru/articles-inner/adam-satu-saudasy>

УДК 343.1

БҰЙРЫҚТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ ИНСТИТУТЫ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖАҢАШЫЛ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Махмуд Марьям Абдыжаппарқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – з.ғ.м., аға оқытушы Сеилханов Ж.Д

Қоғам қашан да қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғанысқа мұқтаж, ал осы қатынастардың реттеуші ретінде қорғанысты жүзеге асыратын – мемлекет. Мұндағы негізгі реттеуші құрал – қылмыстық құқық. Дегенмен, қылмыстық құқық жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қорғанысын өздігінен, қылмыстық-құқықтық нормаларды іске асырушы

арнайы механизмдердің көмегінсіз жүзеге асыра алмайды. Мұндағы арнайы механизм – қылмыстық-процестік құқық. [6]

Елбасы - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қылмыстық процесс өмірдің заманауи талаптарына сай болуы қажет, сонымен қатар адам құқықтарын қорғау аясындағы халықаралық стандартты қамтуы тиіс» деп атап өтті.

Қылмыстық процестің реформасы – уақыт талабы. Маңыздысы – аталған жағдайдан туындаған қажеттіліктің қоғам дамуында сұранысқа ие болуы. Қылмыстық процестің модернизациясы оны мейлінше жеңілдетуге, бюрократиядан, қиындықтардан, мемлекет пен азаматтардың қаражаты мен уақытының артық шығынынан арылтуға бағытталған.[5]

М.Алимбековтың пікірінше «қылмыстық сот өндірісінің оңайлатылған рәсімі, нәтижесінде соттың үкімімен емес, соттың бұйрық шығаруымен аяқталуы қажет. Және мұнда нақты мағына бар, себебі, сот бұйрығы барлық дәлелдемелерді толық көлемде, жан-жақтылық, толықтылық және оларды объективті түрде зерттеу қағидаларын басшылыққа ала отырып қана шығарылады». [1]

Бұйрықтық іс жүргізу, тәжірибе жүзінде, өзінің тиімділігін азаматтық процестік құқықта дәлелдеді. Бұл өндірістің басты артықшылығы – істердің тараптардың қатысуынсыз, тараптардың түсіндірмелерінің тыңдауынсыз, басым жағдайда ұзаққа созылатын сот талқылауынсыз қаралуында.[5]

Қылмыстық істер бойынша жүргізілген талдау қорытындылары Республикамызда 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында сот өндірісінде 10 549 қылмыстық теріс қылық қаралғанын көрсетті. Бұл барлық қылмыстық істердің 1/3 бөлігінен асады. Онымен қоса, әрбір 12-іс үш не одан да көп сот отырыстарында қаралды, олардың әрқайсысы жарты сағаттан бір жарым сағат аралығында созылған. Ал сот өндірісіндегі онша ауыр емес қылмыстырға келер болсақ, олардың саны 2 213-ті құрап, барлық істердің 7,7%-н құрады.[4]

Бұйрықтық өндіріске қатысты өзгерістерді қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексінің 13-1-бөлімінен көре аламыз. Қылмыстық-процестік кодексінің 629-1-бабына сәйкес:

Қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша іс, егер:

1) жиналған дәлелдемелер арқылы қылмыстық теріс қылық және (немесе) онша ауыр емес қылмыс фактісі және оны жасаған адам анықталса;

2) күдікті қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсінің қолда бар дәлелдемелеріне дау айтпаса, өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) саралануына, келтірілген нұқсанның (зиянның) мөлшеріне (сомасына) келіссе;

3) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың санкциясы негізгі жаза түрлерінің бірі ретінде айыппұлды көздесе;

4) күдікті істі дәлелдемелерді зерттемей, өздерін істі сотта қарауға шақырмай және қатыстырмай, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, ал жәбірленуші, сондай-ақ азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер (олар іс бойынша қатысқан жағдайда) бұған келісім білдірсе, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады. [2]

Сондай-ақ, бұл қарапайым әдіс нақты дәлелденген қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстарға қатысты қолданылады. Даусыз дәлелдемелерден құралған базасы бар істерді бөлек қарастыру әлемнің бірқатар мемлекеттерінде орын алып үлгерді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жалпы істердің тек 5% ғана әдеттегі өндірісте қаралады, қалған бөлігі – оңайлатылған өндірісте қаралады. Ұқсас тәжірибе Эстония мен Германия мемлекеттеріне де тиесілі. [5]

Қылмыстық процесс үшін қарапайымдылық, тиімділік және жұмсалатын уақыттың қысқалығы маңызды. Қылмыстық қудалаудың мөлшерден көп ұзақтығы, бәсеңдігі мен өзге де кемшіліктері қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіп пен халықтың сеніміне теріс әсерін тигізбей қоймайды.[6]

Осы орайда сот бұйрығы тек сот актісінің бір түрі емес, бұл – қысқартылған, өз бетінше әрекет ететін процесік форма, іс бойынша шығарылатын тиісті сот актісі екенін айта кеткен жөн. [3]

Бұйрықтық іс жүргізу қылмыстық процестің оңтайлануына әсерін тигізетіні сөзсіз. Ол істерді қысқа мерзімде қарауға жағдай туғызып, тиісті сапада әділеттілікке қол жеткізуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл механизмнің енгізілуі соттардың күрделі қылмыстық істерге баса назар аударуына жол ашады. Мұндай ұтымды тәсілдің нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтарының соттарға деген сенімі артады. Онымен қоса, аталған инновация мемлекетімізді азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарына бір табан жақындатады.[6]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алимбеков М. Что нужно для сокращенного порядка?//Юридическая газета.- 2005/30 марта.-С.2.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z3408>
3. <https://articlekz.com/article/7435>
4. <http://www.kazpravda.kz/fresh/view/moderniziruem-pravo-priblizhaem-ya-k-standartam/>
5. <http://www.pkzsk.info/prikaznoe-proizvodstvo-dejstvennyj-instrument-modernizacii-ugolovnogo-processa/>
6. <https://www.zakon.kz/4875129-s-karzhaubaev-neobhodimo-rasshirit.html>

УДК:343.3

ЗАҢСЫЗ СЫЙАҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәней Хайбар

mr.haybar@mail.ru

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты, Көкшетау,
Қазақстан

Ғылыми жетекші: заң ғылымдарының кандидаты, профессор Д.Ы.Нұрмұханбет

ҚР Қылмыстық Кодексінің 247-бабына сәйкес заңсыз сыйақы алу дегеніміз – «мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы» - деп атап көрсетілген[1].

Қылмыстық жауаптылық көзделген аталған әрекеттерді саралайтын болсақ, заңсыз сыйақы алумен байланысты қылмыс түрлерін бөле отырып біз біріншіден, оның қылмыстық - құқыққа қайшы көрніс табуының түрлі аспектілері үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды реттілікке келтіретін танымдық міндеттерін шешеміз және екіншіден, оның қылмыстық заңда көрсетілген түсініктемелерін жетілдіру мақсатында құқықтық құбылыстарды зерттей отырып тереңірек білім аламыз.

Қылмыстық заңдағы заңсыз сыйақы алудың көп аспектілі көрнісі қойылған міндеттерді түрлі негіздері бойынша шешудің алғышартын қалыптастырады. Осылайша қарастырылып отырған қылмыс сыйақының нысаны мен мөлшеріне қарай бөлінуі мүмкін: ірі мөлшерде табыс алумен немесе өзгеде мүліктік илігіктер алумен байланысты қылмыстар; сыйақы мөлшері көрсетілмей оның нысаны ғана айтылатын – ақша, бағалы қағаздар, өзгеде мүліктер, мүліктік сипаттағы илігіктер (қызмет көрсетулер) тұрғысындағы қылмыстар. Қолсұғушылық